**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК қызметіндегі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы**

# ҚЫСҚА АҚНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК (әрі қарай – «ӘҚСД ҰҒО») сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 116, 212 қаңтар 2016 жылғы бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 28 наурызда «ӘҚСД ҰҒО» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізу нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды:

1. www.kazto.kz ресми сайтында «ӘҚСД ҰҒО» жұмысын реттейтін құжаттар жоқ, бұл мүдделі тұлғалар үшін маңызды ақпаратқа қол жеткізуде қиындықтар туғызады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелуі мүмкін.

Ұсыныс: Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және азаматтардың құқықтарын қорғау заңнамасын сақтау үшін барлық нормативтік құжаттардың тізімін әзірлеу және оларды ресми веб-сайтта жариялау.

2. «ӘҚСД ҰҒО» ШЖҚ РМК қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру және ағарту іс-шараларын өткізу.

Ұсыныс: Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша көрсетілген бағыттар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Талдау негізінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау мақсатында ұсыным әзірленді.